

Қазақстан XX ғ. саяси тарих толқынында: естелік – жүйе - сана

Қ.Әлімғазин

Кеңестік коммунистік жүйе – қазақ халқының ұлттық тарихын таза ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, зерделеу ісіне мүмкіндік бере алмады. Шындығында, ондай салмақты тоталитарлық билік көтере де алмайтын еді. Өйткені, әр ұлттың тарихын еш бұрмалаусыз, әділетті, шынайы жазып-шығу, осынау жүйенің бет пердесін сыпыру болатын. Сондықтан қазақ ұлтының тарихы толып жатқан «ақтаңдақтардан» көрінбеді. Тек кеңестік кезеңдегі индустрияландыру, ұжымдастыру, мәдени революция тарихын барлық тарихи дереккөздерді ғылыми айналымға еркін кіргізе отырып, әділ сараптап, сұрыптап, жүйелі түрде баяндау тарихшылар үшін арманға айналды.

Қазақ тарихына қатысты түпдереккөздерді білетіндер, оны өз зерттеулерінде пайдаланғандар саяси тұрғыдан қуғындалды/1/.

Қазақ ұлтының тарихы алдымен тек орыс тілінде ғана жазылатын/2/. Бұл барып тұрған сорақылық еді. Тарих – шын мәнісіндегі әлеуметтік, қоғамдық және танымдық функциясынан айрыла бастады. Ол академиялық тар шеңбердегі «ғылымға» айналды. Тарихты баяндау да, оған қажетті деректерді де тек таптық тұрғыдан қарастыру, сол бағытта пайымдау ұлттық тарихты танып-білуге залалын тигізді.

Қазан төңкерісінің жеңісін, оның объективті тарихи процес екендігін қызыл империя халықтары санасына сіңіруге күш салған түрлі ресми органдардың басында - Истпарт тұрды. Бүкіл қызметі Кеңес елінің тарихындағы өте маңызды өзекті, мәңгі тақырып - Қазан социалистік революциясы, оның жеңісі баянды болуы үшін жүргізілген күрес, яғни азамат соғысы мәселесін зерттеуге бағытталған Истпарт қазақ өлкесінде де өзінің тамырын тереңге жіберді. Төменде біз, Истпарт жинаған осы кезең естеліктері туралы зерттеуімізді баяндамақпыз.

Истпарттың құрылуымен (Қазан төңкерісі мен РКП(б) тарихы туралы комиссия) социалистік революция және азамат соғысына қатысушылардың естеліктерін жүйелі түрде жинап, жариялау басталады. Бұл істің басында тұрған В.И.Лениннің өзі болды. Оның бұйрығымен 1920 жылы 21 қыркүйекте РСФСР ХКК қаулы қабылдап, Орталық Истпарт құрылды. Басында ол Наркомпростың, кейін 1921 жылдың 1 желтоқсанынан РКП(б) ОК жанында жеке бөлім болып қалыптасты. Бұл органның мақсаты: "...Қазан төңкерісі мен партия... тарихы... туралы материалдарды жинақтап, зерттеу" болды/3/. Оның мәнісі - Лениннің пікірі бойынша кеңестік Ресей туралы контрреволюциялық буржуазиялық өтірікті әшкерелеу үшін маңызды дерек көзі болып табылды/4/.

Шындығында да, истпарт "өткен тарихты болашақ ұрпақ үшін сақтауға" негізделген ғылыми мақсат үшін ғана құрылған жоқ, басынан-ақ бұл органның қызметі кеңестік жүйенің қарсыластарын талқандауға бағытталды. Сонау 20-жылдары большевиктік тарихтың басты идеологы М.Н.Покровский 1917 жылғы төңкерісті және одан кейін орын алған оқиғалардың тарихын тек большевиктердің көзімен қарап жазудың қажеттілігін айтқан болатын. "Орыс төңкерісінің пролетарлық кезеңіне де, оның демократиялық кезеңіндегі қауіп төніп тұр", - деп санады ол. 1905-1907 жж. қозғалыстың тарихын төңкерісті жасағандар емес, қайта

оның іске асуына кедергі келтіргендер жазып шықты. Бізде романовтық жүйеге қарсы бірінші көтерілістің меньшевиктік тарихы ғана бар, ...большевиктер тарапынан бұған қатысты тырысу да байқалған жоқ..."/5/. Бұдан әрі М.Н.Покровский конституциялық-демократиялық партияның көсемі Миллюковтың жарияланған естеліктерін мысалға ала келе, біздің тарихымыздың әлі жазылмағандығынан, Ресейден тыс жерлерде большевиктік істер кадеттің сөзімен танылуда деп жазды. "...Ол (Миллюков) біздің төңкерісімізді барынша қаралап, оны әлем со күйінде қабылдап жатса, ал біздікі (өзіміздің жазғанымыз) тіпті Ресейде де естілмейді/6/. Тарихтың проблемаларын шешуге мұндай көзқарас - құрылып жатқан органның идеологиялық ғана емес, саяси бағытын да айқындап берді.

Истпарттың орталық органы - "Пролетарская революция" журналының бірінші санында, комиссия атынан М.Н.Покровский органның мақсаты мен міндеті туралы өз пікірін білдірді: Истпарт сияқты мұндай органның болашақ ұрпаққа өткеніміздің тарихын - коммунистік партияның тарихын сақтай алатын мүмкіндігі бар. Ал бұл мақсатқа жетуде естеліктердің ролі басым болары сөзсіз/7/. Естелік жазушының сол оқиғаның басты куәгері болуы, айтылған әрбір фактының шынтуайттылығын күшейте түсетіні көрсетілді. Мұндай трактовка кейінгі жылдары тарихи фактінің ақиқаттығын, осы оқиғаның куәгерінің растауы мен жоққа шығаруы туралы критерийдің (белгі) орын алуына әкелді. Мұның өзі болашақ естелік жазушы авторлардың ролінің маңыздылығын күшейтті. Олардың өздері тарихи материалдардың белсенді жинаушыларына айналды. Покровскийдің журналдағы үндеуінен кейін естеліктерді жүйелі түрде жинау басталды.

Орталық Истпарт құрылғаннан соң жергілікті жерлерде оның бөлімшелері құрылды/8/. Истпарттың Қырғыз бюросы Киробкомның РКП(б) 20 желтоқсан 1922 ж. қаулысымен ұйымдастырылды/9/.

Түркістан Истпарты шығарған алғашқы еңбек - кеңес партия мектептері мен насихат курстарының тыңдаушыларына арналды. Мұндағы мақалалардың арасынан Түркістан Коммунистік Университетінің алғашқы ректоры С.Д.Муравейскийдің мақаласы назар аудартады/10/. Мақалада қазан төңкерісі мен одан кейін Орта Азияда орын алған оқиғалар, большевиктер жүргізіп отырған саяси бағыттың рухымен баяндалған. Дегенмен мақалада шындық та бар. Автор аталған кезеңдегі ұлттық интеллигенцияның ролін түсіне білген. Ол ұлттық интеллигенция көсемдерін "прогрессист-демократтар" деп атайды. 1917 жылғы төңкеріспен одан кейінгі азамат соғысы жылдары біртұтас ағым ретінде көрсетеді. "Бұл оқиғалардың кезінде халықтың жетекшісі жергілікті ұлттық буржуазия мен діни өкілдер болды". Муравейскиймен келісе отырып, басқа да алғашқы авторлар И.Сольц, Н.Борисов, А.Позднышев жергілікті халықтың орыс пролетариаты жағында күреспегендігі туралы фактіні көрсетті/11/. "Ұйымдаспаған қараңғы түземдік бұқара бұл оқиғаларға белсенді қатыспады. Октябрь оларды құлдықтан босатқан жоқ",-деп жазды Н.Борисов/12/.

Бұл естеліктердің басты ерекшелігі авторлардың өткенді барынша толық, шынайы беруге ұмтылулары болды. Азамат соғысына белсенді қатысушы Д.А.Фурманов "тарихи очерк - повесть, әңгіме емес; мұнда ойдан құрастыру, жаба тоқу немесе асыра сілтеушілік жүрмейді" деп жазды /13/.

Естеліктерге қатысты бірен-саран мұндай дұрыс пікірлер болғандығына қарамастан, алғашқы естеліктер шалалығымен сипатталынады. Мемуаршылар

көбіне өзі көрген оқиғаны басқа деректерден алған фактілермен салыстырмай, өз түсінігінше жазумен ғана шектелді. Азамат соғысын зерттеуші А.Л.Литвинов, куәгерлер (естелік айтушылар) әсіресе 20-жылдардың басында тиісті құжаттарға жүгінбей, қандай да бір фактінің шынайылығын өз беттерінше растаумен ғана шектелгенін жазады/14/.

Естеліктерді жинап, жариялаған газет, журналдардың редакциялары да мәселені шешу жолдарын дұрыс ұғынбады. Олар авторлардың биографиялық мәліметтері баяндалған фактінің шынайылығын көрсете алады деп санады. Бұл біржақты түсінікті туғызды. Мұны естелікшілердің келтірілген биографиялық мәліметтері көрсетеді. Онда алдымен олардың идеяға адалдығы, большевиктер партиясына мүшелігі, партиялық ұйымдардың жұмысына қатысу деңгейі және т.б. баяндалды.

Қазан оқиғалары мен азамат соғысын баяндауда большевиктер партиясының қайраткерлерінің естеліктерінен мәселеге ғылыми жолмен келу көріністері байқалады. Ә.Жангелдин, Н.Нұрмақов, П.Варламов, Т.Рысқұлов мақалалары/15/, авторлардың баяндалып отырған оқиғаның тікелей куәгерлері болғандығы ғана емес, сонымен бірге өз жұмыстарының басты мақсаттарының бірі (практикалық қолданбалылығы) большевиктік төңкерістің ролі мен түпкі мақсатын халыққа түсіндіру болып табылатындығымен сипатталынады. Ресейдің езілген халықтарының тағдырын шешуде тарихи дамудың большевиктер ұсынған бағыты ғана тура болып табылатындығы туралы пікір айтылады. Мақалаларда таптық күрестің орын алуы жергілікті халық пен орыс пролетариаты достығына апаратын жол деп көрсетіліп, ұлттық интеллигенцияның мәселеге қатысты тезистері жоққа шығарылды. Оларда, сондай-ақ зерттеудің негізі проблемасы ұмытылып, ол ұлттық шеткері аймақтарда большевиктік партияның ролі мен маңызын насихаттауды тасасында қалды. Авторлар жергілікті халықтың большевиктер жағында белсенді күрескендігін дәлелдеуге тырысты. Ресейде коммунистік партияның диктатурасы заңдылық екендігі баса айтылды. "Қазан жарылысы, - деп жазды Ә.Жангелдин, - халықты сілкінтті, барлық жер дүмпуді сезінді, ол біздің артта қалған... Қырғыз жеріне де жетті. Орыс жұмысшыларының, Қызыл Армияның, Қырғызстанның еңбекшілерінің белсенділігімен, мұнда патшаның отаршылдық империясының қираған орнында, ұсақбуржуазиялық қырғыз ұлттық интеллигенциясының батыл қарсылығына тойтарыс бере отырып, өзіміздің Кеңес үкіметін құруға тура келді"/16/.

Осындай пікірді Л.Резцов та айтты. Орта Азиядағы ұлттық қозғалысты талдай келе ол, мұндағы бірнеше ағымды көрсетті және мұны "түземдік бұқара жәдидтердің не улемистердің артынан еруі мүмкін еді. Одан басқа оларда өзге жол жоқ та еді" деп бағалады/17/. Автор, Қазақстанның жергілікті халқының большевиктерден бойларын аулақ ұстағандарын да мойындады. Уақытша үкіметтің Түркістан өлкесіндегі ұлттық саясаты туралы мақала жазған П.Алексеев тәрізді Л.Резцов та ұлттық буржуазияның ұлттық қозғалыстардың басында тұрғанын көрсетті. Оның бұл ойы коммунистік партияның ұлттық шет аймақтардың революциялық қозғалысындағы гегемондық ролі туралы большевиктік тезисті күдікке әкелді.

20- жылдардағы тарихи зерттеулер мен естеліктердің арасынан большевик Г.Сафаровтың "Колониальная революция. Опыт Туркестана/18/ деп аталатын еңбегі

басты орын алады. Г.Сафаровтың тұжырымының басты желісі Ресей жұмысшы табының "ұлттық-отаршылдық" революциядағы гегемондық ролін жоққа шығаруға тіреледі. Оның пікірінше, Түркістандағы орыс жұмысшы табы "көсемсіз, жетекшісіз, бағдарламасыз" болды. Төңкеріс мұнда "телеграф" арқылы келді. Барлық орыс төңкерісі Түркістанда отаршылдық сипат алды. Мұнда пролетариат диктатурасы,- деп жазды Г.Сафаров, - алғашқы сәттен-ақ отаршылдық сипатқа ие болды/19/. Кейін бұл пікір батыс тарихшысы А.Парктің жұмысында ғылыми негізге арқау болған еді/20/. Ресей империясының ұлт аймақтарының тарихын зерттеу келе автор Жетісуда большевиктік идеялар нақты іс жүзіне асқаннан кейін, мұнда "құлдықты еске түсіретін жүйе" орнады/21/ деген қорытындыға келді. Г.Сафаровтың өлкеде таптық жіктелудің жоқ және революциялық қайта құруларға алғышарттардың болмады деген көзқарасы өлкедегі автономиялық қозғалыстың жетекшілерінің еңбектерінде де айтылғаны мәлім. А.Байтұрсынов, Қазан төңкерісі "қырғыздарға түсініксіз". Қырғыз халқы социалистік құрылысқа мұқтаждықты соншалықты әлі сезінген жоқ"/22/, - деп санады. Г.Сафаровтың кейбір пікірлері жоғарыда көрсетілген Н.Борисовтің мақаласында да кездеседі. Ол "Октябрь в Туркестане" мақаласында, "...империялық отаршылдық кезең" "кеңестік отаршылдық кезеңмен" жалғасты деп жазды/23/.

Октябрьдің он жылдық мерейтойына орай С.Сейфуллиннің белгілі естеліктері ("Тар жол, тайғақ кешу") жарияланды. Ол 1922 жылдан бастап "Қызыл Қазақстан" журналында жарияланған болатын/24/. Зерттеліп отырған кезеңнің куәгері С.Сейфуллин мол құжаттық материалдарды тарта отырып, Қазақстандағы алғашқы большевиктер - А.Асылбеков, Н.Нұрмақов, С.Шарипов т.б. бейнелерін жасады, сол кездегі газеттердің негізінде өлкедегі ұлттық үкіметпен оларға қарама-қарсы большевиктердің идеялық күресін көрсетеді. Жартылай көркем шығарма түрінде жазылғандығына қарамастан С.Сейфуллиннің мемуары өлкедегі большевиктік ұйымның қалыптасуы және азамат соғысы тарихы туралы тарихи дерек бола алады. Оның естеліктерімен үндес пікірлерді "Из периода гражданской войны в Казахстане" және "Казахстан к десятилетию Октября" деп аталатын жинақтардың авторлары мақалаларынан да кездестіруге болады. Авторлар, 1916 жылғы көтерілісті қазан төңкерісіне дайындық, "бұқара халыққа қанаушыларға қарсы күресте оң сабақ болған оқиға" деп бағалады/25/. "Из истории гражданской войны в Казахстане" деп аталатын жинақта қоғамдық дамудың басты қозғаушы күші таптық қарама-қайшылық екендігі уағыздалып, оны барлық жерден іздеуге ұмтылушылық белең алды. Мұның нәтижесі - авторларды "жергілікті халықтың Кеңес үкіметін орнатуға белсенді қатысуы оларда "таптық сезімнің" болғандығынан деген ойға әкелді/26/.

Ал шындығында, 20-жылдардағы қазақ қоғамының таптық жіктелуі былай тұрсын олардың таптық сана-сезімінің оянуының өзі дау тудырады. Мұны 1946 жылы "Вопросы истории" журналында жариялаған ғылыми мақаласында А.П.Кучкин де айтты. Ол қазақ даласында орын алған күрес таптық емес, рулық сипат алды деп жазды/27/.

Сонымен Кеңес үкіметінің алғашқы онжылдығында жазылған естеліктерде еркінділік тән, қалыпқа салған күштеу жоқ екендігі байқалады. Әркім есінде қалғанын өз түсінігінше, өз қабылдауынша баяндаған. Негізгі проблемамен қатар, соның аясында туындайтын сұрақтарға қатысты мысалы: жергілікті халықтың

Ресей төңкерісіне қатысы, көзқарасы; азамат соғысына тартылу деңгейі; қазақ халқымен орыс халқы арасындағы ұлтаралық қатынас, ұлттық интеллигенция қызметі және т.б. жауаптарда кездеседі. Естеліктерді тарихи дерек ретінде пайдалану, оларға сыни тұрғыдан талдау жасау, оның сол мәселені зерттеудегі өзіндік орны, жалпы болашақ мемуаршыларға практикалық кеңестер тек 20-30 жылдардың жол айрығында ғана жарық көре бастады/28/. Дегенмен алғашқы кезеңнің естеліктері түрлі кемшіліктеріне қарамастан өзінің объективтілігімен назар аударта алады. Бірақ бұл объективтілік ұзаққа созылған жоқ. Көп кешікпей-ақ ол үкіметтік құрылымдардың түрлі жарлықтары және қаулылары астында қалды

Қазақ даласын дүр сілкінітіп, қазақ халқының өмірін мүлдем өзгерткен 1917-1920 жылдардың оқиғалары туралы маңызды дерек болып табылатын естеліктердің алғашқы жазылу тарихы осылай жүрген еді. Өткеннен қалған тарихтың осындай ащы сабақтарын тәуелсіз қазақ халқының бүгінгі ұрпағы жадынан шығармауы тиіс.

Пайдаланылған деректер

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. - А., 1985; Тынышпаев М. История казахского народа. - А., 1993.; Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX в. - А., 1992.
2. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). 2-изд. Под общей ред. И.О.Омарова и А.М. Панкратовой А., 1949. 512 с.; История Казахской ССР. (с древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. А., 1980-1984. т.б.
3. Пролетарская революция // 1923. - № 8. - Б.238.
4. В.И. Ленин и первые годы Советской власти // Вопросы истории КПСС. - 1960. - № 6. - Б.136
5. Покровский М.Н. Противоречия г. Милюкова // Интеллигенция и революция. Сборник статей. - М., Дом печати, 1922. - Б.5.
6. Сонда. - Б.5.
7. От истпарта // Пролетарская революция. – 1921. – № 1.
8. Пролетарская революция. – 1922. - № 8. – Б. 231.
9. ҚР ПА. – 139-қ., 1-т., 266-А-іс, 184-А-п.
10. Муравейский Б. Д. Материалы по истории Октябрьской революции в Туркестане. - Ташкент, Издательство Подотдела печати ЦК КПТ, 1922., Он же. "Сентябрьские события" в Ташкенте в 1917 году // Пролетарская революция. - 1924. - № 10 (33); Он же. Очерки по истории революционного движения в Средней Азии (опыт краткого пособия для совпартшкол и школ политграмоты). - Ташкент, 1926.
11. Сольц И. К истории КПТ // Три года Советской власти. Сборник. - Ташкент, 1920., Борисов Н. Октябрь в Туркестане. // Завоевания Октябрьской революции. Сборник. - Ташкент, 1922; Позднышев А. Завоевания Октябрьской революции. - Ташкент, Изд. Подотдела печати ЦК КПТ, 1922.
12. Борисов Н. Октябрь в Туркестане... - Б.22-23.
13. Пролетарская революция. - 1923. - № 5. - Б.327.

14. Литвин А. Л., Поликарпов В. Д., Спирин Л. М. Гражданская война. Ломка старых догм и стереотипов // Историки спорят. Тринадцать бесед. - М., Политическая литература, 1988. - Б.47.
15. Джангильдин А. Советская власть в КССР // Советская степь. - 1922. - 4 октября., Рыскулов Т. Революция и коренное население. - Ташкент, 1925., Нурмаков Н. Шесть лет строительства Казахстана // Советская степь. - 1926. - 4 октября., Варламов П. К четырехлетней годовщине КазССР // Советская степь. - 1924. - 4 октября.
16. Алдамжаров З.А. Победа Великой Октябрьской Социалистической революции в Казахстане. Историография проблемы. - Алма-Ата, Казахстан, 1983. - Б.83.
17. Резцов Л. Октябрь в Туркестане. - Ташкент, СреднеАзКнига, 1927.
18. Алексеенков П. Национальная политика Временного Правительства в Туркестане в 1917 году // Пролетарская революция. - 1928. - № 8 (79).
19. Сафаров Г. Колониальная революция. Опыт Туркестана. - Алматы, Жалын, 1996.
20. Сафаров Г. Колониальная революция. - Б.115.
21. Покровский М. Н. Разгром интервентов и внутренней контрреволюции в Казахстане. 1918-1920. - Алма-Ата, Наука, 1967. - Б.31.
22. Сонда. - Б.31.
23. Жизнь национальностей. - 1919. - № 29. - 3 августа.
24. Сонда. - Б.22-23.
25. Б. Сейфуллин. Тернистый путь. - Алма-Ата, 1975. - Б.34,49.
26. Казахстан к десятилетию Октября. - Кызыл-Орда, 1927. - Б.3.
27. Из истории гражданской войны в Казахстане. - Кызыл-Орда, 1927. - Б.4.
28. Кучкин А.П. Советизация казахского аула (1926-1929) // Вопросы истории. - 1946. - № 10. - Б.5.
29. Покровский М. Н. Очередные задачи историков-марксистов // Историческая наука и борьба классов.- М. - Л., Вып. 2, 1933. - Б. 377., Авдеев Н. О научной обработке источников по истории РКП(б) и Октябрьской революции // Пролетарская революция. - № 1-2. - Б.149-160., Покровский М. Н. Двадцатилетие нашей первой пролетарской революции // Сонда. - 1924. - № 11(34)., Минц И. И. Борьба за Советы (1918-1919) // Сонда. - 1927. - № 1., Ольминский М. Б. О мемуарах // ИЗ эпохи "Звезды" и "Правды". - М., 1921. Гелис И. Как надо писать воспоминания // Пролетарская революция. - 1925. - № 7., Антропов П. Что и как читать по истории революционного движения и партии в Средней Азии. - Самарканд, 1929.